

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ЖӘНЕ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ
МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАЛДАУ**

**АНАЛИЗ НОРМАТИВНО ПРАВОВОЙ БАЗЫ И ОСОБЕННОСТЕЙ
ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ В МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛАХ**

Астана
2015

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2015 жылғы 18 қыркүйектің № 8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 сентября 2015 года)

Нормативтік-құқықтық базаны және шағын жинақты мектептерде оқыту ерекшеліктерін талдау. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 23 б.

Анализ нормативно правовой базы и особенностей организации обучения в малокомплектных школах. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 22 с.

Бұл жинақта шағын жинақты мектептің нормативтік-құқықтық базасы және оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері енгізілген, білім беру процесінің жағдайына нормативтік-құқықты жетілдіруге нұсқаулар берілген.

Жинақ білім беру қызметкерлеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарына, оқулық және оқу-әдістемелік кешендердің авторларына арналған.

В сборник включен анализ нормативно-правовой базы и особенностей организации обучения, даны рекомендации для улучшения нормативно-правового урегулирования и состояния образовательного процесса в малокомплектных школах.

Сборник адресован работникам образования, руководителям организаций образования, институтам повышения квалификации учителей, авторам учебников и учебно-методических комплексов.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2015

© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2015

Мазмұны

Кіріспе.....	4
1 Шағын жинақты мектептің нормативтік-құқықтық базасы.....	6
2 Шағын жинақты мектептің оқыту ерекшеліктерін ұйымдастыру.....	9
3 Нұсқаулар.....	17
Қорытынды.....	21
Әдебиеттер тізімі.....	22

Кіріспе

Еліміздің білім беру жүйесінің негізгі міндеті, қазақстан қоғамының болашақта дамуына және қазіргі талаптарға сай тең білім алуға қол жеткізу болып табылады [1, 2]. Жаңа әлеуеттік – экономикалық жағдайда білім беру мақсатында, бәсекеге қабілетті адам капиталын дамытуды, экомониканың тұрақты өсуі үшін реформа өткізу қажеттілігін көрсетуді қажет етеді [3, 4].

Еліміздің білім беру саласын жаңарту – күрделі процесс, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаның нашарлығына, оқыту әдістемелердің және мазмұнды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының геосаясаттық ерекшеліктеріне байланысты проблемаларды шешу, олардың қажеттілігіне қарай жаңарту болып табылады.

Қазақстан мектебінің географиялық үлкен аймақты қамтуына, барлығына міндетті білім алуға қол жеткізу саясатын жүзеге асыру, білім беру жүйесінің негізгі ерекшеліктері болып табылады.

Халық саны аз елді мекендердің көп болуы, олардың инфраструктурасының нашар дамуы, білім беру ұйымдарының территориясының бір-бірінен алыс орналасуы, халықтың қалаға көшуінің көбейуі – осы факторлардың болуы ауылдық өңірлерде сапалы білім беруді қамтамасыз етуге кедергі жасайды, ол өзіндік қиындықтарды туындатады, оны оқу жетістігін сырттай бағалау нәтижелері, ұлттық бірыңғай тестілеу және халықаралық сарапшылардың пікірлерінде анықталды [5, 6, 7].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауылдық мектептердің проблемаларына ерекше көңіл бөлінген [3].

Өңірлердегі халық саны аз елді мекендерде сапалы білім беру мақсатында шағын жинақты мектептер желісін дамыту, ол білім алу қажеттілігін қамтамасыз ететін, бәсекеге қабілетті адами капиталды, үздік білім беру қорларына және технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз ету болып саналады.

Мектеп ауылды дамытуда тұрақтылықтың, әлуметілліктің, экономиканың және мәдиенеттіліктің факторы болып табылады.

Республиканың білім беру мазмұнын жаңарту барлық білім беру жүйесін, сондай-ақ шағын жинақты мектептерді де қамтиды. Алайда бүгінгі күні ауыл мектептерінің ұсынатын білім беру қызметінің сапасы нашар болғандықтан шағын жинақты мектептердің оқыту әлеуетінің нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, ұйымдастыру-басқарушылық, материалды-техникалық базасын арттыруды қажет етеді.

Әдістемелік құралдың мақсаты ЭЫДҰ елдері мен Қазақстандағы шағын жинақты мектептердің салыстырмалы талдау материалдары бойынша Қазақстанның шағын жинақты мектептерінің жұмысын жақсартуға тиісті ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Міндеттері:

1. ЭЫДҰ елдеріндегі шағын жинақты мектептердің қызметінің ұстанымдарын зерделеу;

2. Қазақстанның шағын жинақты мектептері қызметінің қазіргі жағдайын зерделеу;

3. Қазақстан мен ЭЫДҰ елдерінің мектептеріндегі білім беру процесіне салыстырмалы талдау жүргізу;

4. Қазақстанның шағын жинақты мектептерінің қызметін жақсартудың ұсынымдарын әзірлеу.

Қазақстан Республикасының шағын жинақты мектептерінің қызметін талдау мақсатында Шығыс Қазақстан облысының бір шама аудандарында мемлекеттік ғылыми жоба аясында «Шағын жинақты мектептер үшін болашақта ғылыми-әдістемелік негізінде жарастылыстану-математикалық пәндері мұғалімдерін дайындау» ішінара зерделеулер жүргізілді. Қазақстандағы халықтың тығыздығы мен шағын жинақты мектептерінің санына сәйкес ұстанымдар негізінде шетелдің тәжірибелері сараптауға таңдалынып алынды.

1 Шағын жинақты мектептердің нормативтік-құқықтық базасын талдау

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының [2], Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш, жалпы орта білім беру типтік үлгілердің [8] негізгі ережелері бастауыш негізгі жалпы орта білім берудің базалық мазмұнына біздің мемлекеттің территориясындағы білім беру ұйымдарының нормативтік және құқықтық қызметтерін реттейді. Орта білім беру салаларында жүзеге асырылған нормативтік – құқықтық актілер шағын жинақты мектептер мен тірек мектеп (ресустық орталықтарға да) жарамды.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрілігінің нормативтік құжаттарында шағын жинақты мектептер типологиясы анықталған [9].

1) Тірек мектеп-ТМ (ресурстық орталық РО)-шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуына қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды және аралық әрі қорытынды аттестаттауды өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім ресурстары шоғырланатын жалпы орта білім беру ұйымы [10];

2) Шағын жинақталған мектеп (ШЖМ)- білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп;

3) магниттік мектеп - аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің бұйрығымен тірек мектебіне (ресурстық орталыққа) бекітілген шағын жинақталған мектеп.

Шағын жинақталған мектептер мен тірек мектептерінің (ресурстық орталық) қызметі осы Үлгілік қағидаларға [9] және өзінің жарғысымен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Шағын жинақталған мектептер мен тірек мектептері (ресурстық орталықтардың) негізгі міндеттері болып:

Білім алу:

- сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында тірек мектебі (ресурстық орталықта) шағын жинақты мектептердің білім беру ресурстарын біріктіру;

- оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану;

- мектеп бітірушілердің мәресін теңестестіру мақсатындағы, олардың әрі қарай кәсіби білім алуына мүмкіндік жасау;

- сапалы білім беруді қамтамасыз ету мақсатында тірек мектептерінде (ресурстық орталықта) шағын жинақты мектептердің білім беру ресурстарын біріктіру, нұсқаушы аралық, және қорытынды сессиялық сабақтар ұйымдастыру шаралар іске асыру;

әлеуметтік- экономикалық:

- ауылдан жастардың кетуін азайту;

- елді мекеннің мәдени деңгейін көтеруге мүмкіндік туғызу;

- демократиялық мәселелерді шешу;

- ауылшаруашылық секторының экономикасын дамыту.

Білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және «Білім туралы»

Қазақстан Республикасының Заңымен кепілдік берілген азаматтардың тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында айқындалған [11]. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жалпы саны әрбір ауылдық елді мекенде:

1) кіші мектеп жасындағы адамдардың саны 5 және одан көп болғанда, бастауыш білім беретін мемлекеттік оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

2) кіші және орта мектеп жасындағы адамдардың саны 41 және одан көп болғанда, негізгі орта білім беретін мемлекеттік оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

3) кіші, орта және жоғары мектеп жасындағы адамдардың саны 81 және одан көп болғанда, жалпы орта білім беретін мемлекеттік оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

Көрсетілген нормативтер, білім беру ұйымдары мектепалды және мектеп жасындағы тәрбиеленушілер мен оқушылардың тұратын елді мекендерден 3 километрден астам қашықтықта болған кезде белгіленеді. Елді мекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер және т.б.) болғанда және бір-бірінен аз арақашықтық жағдайында да білім беру ұйымдары болуы мүмкін.

2020 жылға қарай ШЖМ, негізінен, бастауыш және негізгі орта білім деңгейлері үшін жұмыс істейді. ШЖМ проблемасы тірек мектептер (ресурстық орталықтар), интернаттар, жеткізу есебінен шешіледі.

Жоғары сыныптардағы (10-11) оқушылар ОМ –ге ауыстырылады, оларға сапалы білім беру процесін интернаттар қамтамасыз етеді.

«Алыс орналасқан ауыл мекендердегі балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және қайта үйлеріне апаруға ақысыз тасмалдау туралы» мемлекеттік қызмет стандарты бастауыш және негізгі орта білім беру мектеп оқушыларын тасымалдау мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарымен, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін стратегиялық даму жоспарымен, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасымен айқындалған білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі принциптерін дамытады.

ГПРО обозначило основную проблему МКШ – низкое качество образования, для решения которой намечено и реализовано:

- создание Республиканского центра развития МКШ на базе Национальной академии образования имени И. Алтынсарина.

Негізгі ұйымдастырушылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болып табылады [3]. Осы бағдарлама ШЖМ-дің негізгі проблемасын айқындады, білім беру сапасының төмендігін көтеру мен жүзеге асыруды белгіледі:

- Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясының базасында

ШЖМ дамыту республикалық орталығы құрылды;

- педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдардың жанынан 14 өңірлік орталық құрылады;

- ШЖМ қызметінің үлгі ережесі әзірленеді;

- «Мектепке және мектептен тегін әрі қауіпсіз жеткізетін мектептер жоқ елді мекендерде тұратын білім алушылар мен тәрбиеленушілерді қамтамасыз ету» стандарты әзірленеді және қабылданады;

- Оқушылар саны 10 және одан көп барлық ШЖМ жаңа түрдегі компьютерлермен және кең жолақты Интернетке қол жеткізумен қамтамасыз етіледі;

- Қашықтықтан оқыту «*e-learning*» электрондық оқыту шеңберінде ұйымдастырылады;

- 160 тірек мектеп ашылады.

Ауылды жерлердегі шағын жинақты мектептердің мәселесін шешу, өңірді дамыту бағдарламасын жүзеге асырумен қатар жүреді. Ауылда білім беру жүйесін дамыту «Ауыл мектебі», бағдарламасы шеңберінде, 2004-2016 жылдары Қазақстан Республикасының елді мекендерді дамыту мемлекеттік бағдарламасымен жүзеге асырылады [13, 14]. Қазіргі кездегі оқу мекемелерінің жалпы орта және бастауыш, орта кәсіби білім беру және оны әрі қарай дамыту мемлекеттік білім беру қызметінің тең қол жеткізуді қамтамасыз ету шараларында қайта қаралды.

Білім және ғылым министрлігінің 2014-2016 [15] жылдарғы ауылдық мектептер білім сапасын көтеру туралы білім және ғылымды жетілдіру іс шаралар жоспарының жүзеге асыру және қала мен елді мекендегі іс шаралар үйлесімділігін жетілдіру қайта қаралды. Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдардағы жергілікті орындаушы мекемелермен келісілген ауылдық елді мекендегі және шекарамен шектес аудандарды дамытудың іс шаралар жоспарымен бірлесіп, келісілді.

2 Шағын жинақты мектептерде оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері

Шағын жинақты мектеп (МКШ) - білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп [2].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген ШЖМ-дің үлгілік оқу жоспары әзірленді [9].

Тірек мектебі (ресурстық орталық) аудандық (қалалық) әкімшіліктің қаулысымен материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік базалар мен кадрлық ресурстар болған жағдайда жалпы білім беретін мектептің базасында құрылады. Магниттік ШЖМ-тер аудандық (қалалық) білім бөлімінің бұйрығымен тірек мектебіне (ресурстық орталыққа) бекітіледі.

Сессиялық сабақтар кезеңінде тірек мектебі (ресурстық орталық) білім алушылардың тұруын, тамақтануын, тасымалдануын ұйымдастырады, пәндер бойынша оқу бағдарламаларын келісуді, сыныптар мен сессияларға қатысушылардың санын анықтауды жүзеге асырады.

ШЖМ-де оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытуға сәйкес қамтамасыз етіледі. Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) оқу-тәрбие процесі бірыңғай оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады және магниттік ШЖМ-дің білім алушылары үшін ұзақтығы он күндік оқу сессияларын (бастапқы – қазан айының бірінші онкүндігінде, аралық – ақпан айының бірінші онкүндігінде, қорытынды – сәуір айының үшінші онкүндігінде) өткізуді қамтиды. Сессияаралық кезеңде қашықтықтан оқыту жүзеге асырылады.

ШЖМ-де жекелеген пәндерді оқыту кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған жағдайда кіші топтарға бөлуге жол беріледі. Сыныптарды бір сынып-кешенге қосу және біріктіру жағдайында әртүрлі жастағы білім алушылардың саны 10 адамнан аспауы тиіс. ШЖМ-дағы сыныптардың толымдығына 3-10 және одан көп адамға дейін рұқсат беріледі. Үш немесе төрт сынып біріктірілген жағдайда оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзгермелі кестесі қолданылады.

Бірінші сынып пен бітіруші сыныптардың білім алушыларын біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

Тірек мектебінде (ресурстық орталықта) қазақ, орыс, шет тілдерін, информатиканы оқытуда, ырғақ, музыка, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық, технология сабақтарында, сондай-ақ бейінді пәндер бойынша зертханалық және практикалық жұмыстар жүргізу кезінде кіші топтарға бөлуге жол беріледі. Пәндер бойынша кіші топтарға бөлу сыныпта 20-25 адаммен, 8-11 сыныптарда 15-20 адаммен толықтырылған жағдайда тірек мектебі (ресурстық орталық) Үйлестірушілік кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

Жас ерекшеліктері бойынша оқыту әдістемесін қолдану кезінде мыналарды қосып оқытуға жол беріледі: екінші және үшінші сыныптар, үшінші және төртінші сыныптар немесе екінші және төртінші сыныптар, бесінші және алтыншы сыныптар, алтыншы және жетінші сыныптар, жетінші және сегізінші сыныптар.

Білім алушылардың жазу және математика сабақтарында бағдарламалық материалдармен өзіндік жұмыс жүргізуі үшін рұқсат етілген ұзақтық екінші сыныпта 15-20 минуттан, үшінші сыныпта 15-25 минуттан аспайды.

Тірек мектебі (ресурстық орталықтың) оқу-тәрбие жоспары магниттік ШЖМ-дің оқу-тәрбие жоспарын ескере отырып әзірленеді. ШЖМ-тер мен тірек мектебі (ресурстық орталықтың) жылдық оқу-тәрбие жоспары үйлестіру кеңесінің отырысында бекітіледі, ауданның (қаланың) білім бөлімімен келісіледі, білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі.

Сессиялардың ұзақтығы тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) және магниттік ШЖМ-дің Үйлестіру кеңесі бекіткен оқу процесінің кестесіне сәйкес үш күннен он күнге дейін белгіленеді. Бастапқы сессия оқу жылының басында өткізіледі. Сессия басталғанға дейін магниттік ШЖМ-дің білім алушыларына кіру тестілеуі өткізіледі, оларды оқытудың жеке бағыты анықталады, сессияаралық кезеңдегі жұмыс жоспарланады.

Қорытынды сессияда оқытудың жеке бағытын іске асыру үшін, таңдау бойынша базалық пәндер мен курстардың түйінді проблемалары анықталады, білім алушылар дайындығының деңгейі бағаланады.

Сессияаралық кезеңде білім алушылардың оқу-танымдық қызметі ШЖМ-де тірек мектебі (ресурстық орталықтың) пән оқытушыларының қашықтықтан қолдауымен өткізіледі.

Сессия кезеңінде тірек мектебі (ресурстық орталық) толық күн тәртібінде жұмыс істейді.

ШЖМ-ді дамытудың өңірлік орталықтары оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, жеке оқыту бағдарламаларын жасау, қашықтықтан оқыту нысанының мазмұнын, бейіндік бағытты ескере отырып, оқыту әдістері мен арнайы курстар бойынша жұмысты үйлестіруді жүзеге асырады.

Тірек мектебі (ресурстық орталықтың) педагогтеріне еңбекақы төлеу аптасына 18 сағат есебінен белгіленеді, оның ішінде 6 сағат ғылыми-әдістемелік және эксперименттік жұмыстарға бөлінеді.

Тірек мектебі (ресурстық орталықтың) директорының, орынбасарының, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушының лауазымдық жалақысы жалпы білім беретін мектептегідей білім алушылардың ең көп толықтығымен белгіленеді.

Тірек мектебі (ресурстық орталықта) жоғары оқу орындарының оқытушыларына білім саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте сай сағаттық еңбекақы төлеу белгіленеді.

Тірек мектебі (ресурстық орталықты) қаржыландыру бюджет қаражатының, қамқорлыққа алған ұйымдардың жарналары және ақылы білім беру қызметін көрсету есебінен жүзеге асырылады.

Тірек мектебі (ресурстық орталықтың) қызметі қажеттілік болмаған жағдайда тоқтатылады.

Білім беруде шағын жинақты мектептерді қолдау мемлекет саясатының маңызы бағыты болып табылады және келесі бағыттармен жүзеге асырылады:

- ШЖМ-ді дамытудың нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік, оқу-

әдістемелік негіздерін қалыптастыруды жетілдіру;

- шағын жинақты мектептердің инфраструктурасын жаңарту;

- шағын жинақты мектептердің кадрларының деңгейін және қорларының әлеуетін көтеру;

- облыстық білім басқармасы жанынан құрылған әдістемелік орталықтың және кабинеттің қызметін үйлестіру.

Облыстық және аудандық (қалалық) білім басқармасы жанындағы әдістемелік кабинеттің болуы, шағын жинақты мектеп педагогтарының оқытудың тиімді технологияларын, оның ішінде ШЖМ-дің білім беру процесіне қашықтан оқытуды енгізуде қолдау тауып отыр:

- Мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету;

- ШЖМ-дің барлық білім беру және тәрбиелік деңгейлерінде білім беру процесін ұйымдастыру, оқыту сапасының мониторингін жасау;

- шағын жинақты мектептердің кері байланысын жүзеге асыру;

- республикалық семинарлар өткізу;

- жұмыстың тиімді әдістері мен түрлерін анықтау.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 75 тармағын [3] жүзеге асыру нәтижесінде Ы. Алтынсарина атындағы Ұлттық білім академиясының жанында Республикалық шағын мектептерді дамытудың орталығы (РШЖМДО) құрылды. Бірнеше жылдар бойы РШЖМДО шағын мектептердегі (ШЖМ) педагогикалық процесті жетілдіру және ондағы ғылыми-әдістемелікпен қамтамасыз ету жақтарын анықтау мәселесі бойынша зерттеулер жүргізді. Алғаш рет ШЖМ-ге арналған оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК), ШЖМ-ді дамыту тұжырымдамасының жобасы және ШЖМ-дің қызметтік ережесі дайындалды. Орталық қызметкерлері 17 оқу-әдістемелік құралдарын жасап шығарды.

Талдау нәтижелері бойынша материалдық-техникалық жабдықтау мен педагогикалық процесті ұйымдастырудағы аймақтық ерекшеліктердің болуы, Қазақстандағы ШЖМ-дің жүйесі бірыңғай емес екендігі, яғни, ШЖМ-дің бекітілген модельдерінің жоқтығынан туындап отыр. ШЖМ-ді бітірушілердің алдағы уақыттағы өз бағытын таңдай алуын, ОЖСБ және ҰБТ нәтижелері бойынша оқушылардың жалпы білім дайындығының төмен деңгейде екендігі көрінді.

Оқушылар контингенті аз мектеп ғимараттары шығынды көп талап етеді. Көптеген ғимараттар жаңартуды қажет етеді: базалық, оқу құралдарымен жабдықтауды немесе дәретхана бөлмелерін жасауды. Мұғалімдердің және мектеп басшыларының көп болуы шағын мектептердің көптігіне байланысты. Бұл мектеп қаражатының азаюына және икемсіздігіне әкеледі, яғни мектеп директорларында ресурстарды аса тиімді тәсілмен бөлу немесе мектепті даму бойынша іс-шараларға инвестициялау, мысалы педагогтардың еңбек ақысын жоғарылату сияқты мүмкіндіктердің аздығы. Базалық қызмет ақылары оқыту жүктемесінің мөлшеріне (жүйе мөлшері) байланысты болып келетін мұғалімдердің еңбек ақысын төлеу жүйесі толықтай жетілдірілмеген, сондай-ақ мұғалімнің сыныптан тыс орындайтын міндеттері немесе мектеп іс-шараларына

қатысып қосқан үлесі байқаусыз қалып тұрады.

Қазақстандағы шағын жинақты мектептерді дамытудың келесі негізгі мәселелерін қарастыруға болады:

1. Нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік қолдау:

- ШЖМ-дің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілдірілмеуі: ШЖМ-ді дамыту тұжырымдамасы мен ШЖМ туралы ереже тек жоба нұсқасында болуы;

- ШЖМ-тер үшін білім берудегі типтік оқу жоспары және оқу жоспарының вариативтік және жекелеген компоненттері бойынша бағдарламаларының болмауы;

- шағын жинақты мектептер жағдайындағы білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша мұғалімдерге арналған құралдардың және әдістемелік ұсыныстардың болмауы.

2. Оқыту-тәрбиелік процесті ұйымдастыру:

- аз топтасқан және түрлі жас шамаларымен біріктірілген сыныптардағы арнайы оқыту әдістемелерінің болмауы;

- аз топтасқан сыныптардағы оқу нәтижелерін бағалау аса тым қадағалауға салдарынан оқушылардың үрей деңгейлерінің жоғары болуына әкеледі;

- ғаламдық компьютерлік желінің қолжетімсіздігінен жекелеген мектептердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мүмкіндігінің шектелуі;

- оқушылар санының аздығы салдарынан кәсіптік оқытуды ұйымдастырудағы туындайтын қиындықтар;

- қосымша білім беру және мәдени орталықтарды ұйымдастыруының болмауы;

- бірнеше мамандықтар бойынша оқыту мамандырының жеткіліксіздігі;

- ШЖМ жағдайындағы оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне мұғалімнің дайын еместігі;

- педагогтарды даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру бойынша арнайы білім бағдарламаларының болмауы;

- ШЖМ-дің мұғалімдерін ынталандыру, әлеуметтік қолдау және еңбек ақысын төлеу жүйесінің сәйкессіздігінен педагогтар мотивациясының төмен деңгейде болуы.

3. Материалды-техникалық жағдайлар:

- материалды-техникалық базаның нашарлығы: бейімделген ғимараттардың болуы, оның көбісінің апаттық жағдайда болуы, толық жөндеу қажеттігі, арнайы оқу зертханалардың және шығармашылық шеберханалардың, асханалардың, спортзалдардың, медициналық бөлмелердің, заманауи жиһаздардың, техникалық жабдықтардың, спорттық құралдардың, оқу залы бар электрондық кітапханалардың болмауы;

- телекоммуникациялардың ескірген инфраструктурасы: ғаламдық компьютерлік желіге қосылудың, интерактивті құралдармен жабдықтаудың жетіспеушілігі, ШЖМ-дің көбінде физика, химия, биология, информатика кабинеттерінің болмауы;

- көптеген өңірлерде балаларды мектепке жеткізу мәселесі шешілмегендігі

байқалды.

4. Республика территориясындағы ШЖМ жүйесінің дамуы:

- тірек мектептерді құру жоспарының тиімділігінің аздығы (кадрлық және қаржылық ресурстарды ескере отырып, географиялық, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты мектептерді біріктіру тиімділігі);

- Ресурстық орталықтармен ШЖМ-терді қамтудың жеткіліксіздігі (тек 10%);

- Ресурстық орталықтармен оқытудың негізгі кезеңдерінде қолдау көрсетілмеуі, тек 8-і және 9-ы сынып оқушыларының қамтылуы;

- ШЖМ-тер басшыларының және мұғалімдерінің ресурстық орталықтармен ынтымақтастығының нашарлығы;

- ШЖМ-тердегі білім беру сапасынның есебі мен мониторингінің нақты жасалмауы.

Білім беру саласында мемлекеттіміздің саясаты жоғарғы буынды бейіндік оқытуға бағыттау қаралған. ШЖМ-де пәндерді тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру және бейіндік сыныптарды құру қиындық туғызады, оқушыларға кәсіптік-бағытталған білім алу мүмкіндігі жасалмаған. Ауыл мектебін бітірушілердің дайындық деңгейі – қала мектептерінен артта қалуда. Осыған байланысты ауылдық елді мекендерге ерекше қажетті мамандарды дайындауда еліміздің әлеуетінің төмендігі байқалды. Жаңа білім беру кеңістігін құру қажеттігін түрлі деңгейде, көпсалалы оқыту негізінде әлеуметтік талапқа сай тапсырысты шешуді, ауылдық жердегі материалдық-техникалық базасы бар жалпы білім беру мектептерінде, ТМ (РО) –дың базасында шешу қаралған. Осындай ТМ (РО) өзіне жақын орналасқан ШЖМ-ді біріктіреді, олар бірыңғай білім беру жүйесін бір мақсат пен міндеттерге біріктіреді.

Міндеттері:

1. Ресурстық және магниттік мектептердің оқу-тәрбие процесін кіріктіру негізінде бірыңғай білім беру кеңістігін құру:

- оқушылардың тұлғасын дамыту негізінде бір тұтас әр түрлі деңгейдегі көпсалалы бейінді оқыту басымдылықтары салынған;

- оқу тәрбие жұмысының біріктірілген кестесі;

- ресурстық орталықтардың біріккен жұмыс тәртібі;

- кіріктірілген тәртіппен бейіндік бағыттарға курс енгізу;

2. Қосымша білім базасына оқу-әдістемелік жинақтармен (аудиовизуальды құралдар, дискеттер, дидактикалық материалдар, компьютерлер, программалар, бланктермен) қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

3. Әр түрлі біріктіру негізінде бірыңғай әдістемелік кеңістікті құру;

4. Барлық педагогикалық ұжымда жалпы пікірлестікті қалыптастыру, ғылыми-әдістемелік мәдениеттің деңгейін көтеру;

5. Ресурстық орталықтардың басқару жүйесін құру;

6. Сессия кезеңінде тірек мектебі (ресурстық орталық) балаларының тұруын, тамақтануын, тасымалдануына іс шараларын ұйымдастыру;

7. Түзету жұмысына сәйкес мамандармен педагогикалық, медициналық, психологиялық мониторинг жүргізуді дайындау;

8. Мұғалімдерді оқыту және оқытудың кезеңдерінде қазіргі педагогикалық

ақпараттық технологияларды енгізу;

9. Жобаны жүзеге асыру бойынша қажетті материалдық-техникалық базаны құру (балаларды тасымалдау, жатын орын мен тамақтану, ресурстық орталық аясында компьютерлік желіге қосу және т.б.);

10. Оқу жүктемесінің өзгеруіне байланысты қаржыландыру және педагогтарды ынталандыру жүйесін әзірлеу;

11. Қызмет сипатын қарастыратын нормативтік құжаттарды дайындау (ережелерді, шешімдерді, бұйрықтарды және т.б.).

Ресурстық орталықтың сипаттамасы

Жоғары деңгейде басқару:

1. Ресурстық орталық пен магниттік мектептердің білім беру мақсатын және міндеттерін орындайтын, педагогикалық ұжымдарды біріктіретін мектептің педагогикалық кеңестері.

2. Директорлар кеңесіне, ресурстық орталықтың және шағын жинақты мектептің директорлары кіреді, олар жалпы РО-тың қызметін басқаруды үйлестіруді жүзеге асырады.

3. Қамқорлық кеңесінің құрамына, әкімшілік және ата-ана қоғамының өкілдері кіреді.

4. Үйлестіру орталығына, жобаларды жүзеге асыруға БАИ мен ПҚБ қызметкерлері және РО әкімшілік тобы кіреді. Оған медициналық-психологиялық қызметтер, мониторинг жүргізетін топтар бағынышты болады.

Басқару жүйесіне ОТЖ бойынша екі сектор және сыныптан тыс тәрбие жұмысы, экономика мәселелерінің менеджері және сессия кезеңдерінде балаларды орыналастыруға және тамақтандыруға байланысты шаруашылықты қамтамасыз ету бөлімі кіреді.

Жаңа технологиялардың педагогикалық студиясы қазіргі жағдайда жұмыс істеуге педагогтарды қайта даярлаумен айналысады. РО қызметін дамытуға қажеттігіне қарай шығармашылық топтар құрылады. Мектеп ұжымының уақытша кураторлары сессия кезеңдерінде бағдарламаны жүзеге асырады. Ресурстық орталықтың өз-өзін басқару алқалық ұйымы болып оқушылардың конференциясы болып табылады.

Ресурстық орталықта оқыту келесі блоктар бойынша өткізіледі:

№1. Жалпы білім берудің базалық компоненті (жалпы білім беру деңгейіндегі курстар).

Қашықта оқыту негізінде ақпараттық кеңістік арқылы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

№2. Бейіндік оқыту блогы.

Диагностика, бейімделу және дамыту орталығы.

Медициналық-психологиялық зертхана.

Дамыту және бос уақытты өткізу орталығы.

Компьютерлік орталық.

РО оқу – тәрбие жұмысын ұйымдастыру (ОТЖ).

РО мазмұнды әдістемелік негізінде 1-9, 10-11 сыныптардың жалпы білім бағдарламасы деңгейіне сәйкес, білім беру процесін оқу жылында 3 рет жүзеге асырады. Оқу пәндерінің тізімі оқу жоспарымен анықталады. Орталықта оқыту

және тәрбиелеу екі тілде өтіледі. Олимпиадалар, конкурстар, іскер ойындар және байқаулар ұйымдастырылады.

Оқыту мен тәрбиелеу тұрғысында:

Әр түрлі оқушылар контингентіне бағытталған саралау және жеке білім беруде вариативтік білім беру бағдарламаларын дамыту арқылы: дарынды балалардан бастап мүмкіншілігі шектеулі балаларға дейін.

Оқытуды кіріктіру, оқуды өздігінше білім алуға өту.

Ерекшеліктерді ескере отырып, бейіндік және ақпараттық оқыту.

Тәрбиелеуде отбасының әлеуетін сақтау.

Білім мазмұны:

базалық компонент (жалпы білім беру деңгейіндегі курстар);

бейіндік компонент (тереңдетіп оқыту деңгейін таңдау бойынша, бейіндік курстар);

элективтік компонент (таңдау бойынша оқытылатын бірнеше курстар) оқушылардың әр түрлі мүмкіндік деңгейлеріндегі білім беру қажеттілігін қабілетіне қарай қанағаттандыру.

Әдістері және түрлері: қашықтан оқыту; практикалық дағдыларды белсенді, өте жоғары белсенділікті қалыптастыратын ақпаратты талдау; өздігінше білім алу, зертхана жұмыстарын жасау.

Қазіргі таңда ТМ(РО)-тың қызметінің тиімділігіне эксперименттік тексеріс жүзеге асырылуда. 2014-2015 оқу жылында тірек мектебі (ресурстық орталықтар) магниттік мектеп оқушыларының негізгі құзыреттіліктерін дамыту және қалыптастыруда, ШЖМ –де білім беру кеңістігін кеңейту жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда.

Әдеттегідей, магниттік мектеп оқушылары жалпы білім беретін мектептер базасында базалық пәндер бойынша білікті мамандардан көмек алады, практикалық бейіндік дағдыларын меңгереді, сонымен бірге сыныптан тыс уақытта немесе сессия уақытында олқылықтарды жою мақсатында зертханалық-практикалық сабақтар өткізіліп, оқушылар топтық немесе жеке кеңестер алады. Бұдан басқа шағын мектептердің барлық оқушылары сессияаралық кезеңде тапсырмалар алады. Оқушылардың сыныптан тыс әрекеті іс-шаралар мен әртүрлі үйірме жұмыстары, сабақтың жеке-жеке формасы арқылы сыныптан тыс ұйымдастырылған. Сессияаралық кезең қашықтан оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай елімізде құрылған РО жақын аумақтағы ШЖМ-тің оқушыларына сапалы білім беру үдерісіне қол жеткізуді, олардың арнайы жабдықталған кабинеттерде зерттеу және зертханалық жұмыстарды орындауға, әлеуметтік тәжірибені және ШЖМ жағдайында білім алушылардың мүмкіндігін кеңейтуді қамтамасыз етеді.

Ресурстық орталықтар алыста орналасқан ауыл мектептерінің балаларына сапалы білім беруге және қазіргі білім беретін-ақпараттық ресурстарға қол жеткізу жолдарын қамтамасыз етуде ең тиімді білім беру үрдісін ұйымдастырудың түрі екендігін айқындады.

Ресурстық орталықтың жұмысын талдау кезінде бірнеше кемшіліктер байқалды:

- ресурстық орталықтар мен мектептердің арасындағы қызметі үйлестіру күрделілігі;
- мектеп бітірушілерді дайындауда жауапкершілікті мектептер арасында бөлісу;
- ресурстық орталықтың мұғалімдерінің жоғары нәтижелерге жетуге қызығушылығының болмауына байланысты, олардың жеке жауапкершілігінің төмен болуы;
- білім алушылардың бейіндік емес пәндерге қызығушылығының төмендігі;
- оқушылар үшін күрес;
- ресурстық орталық пен мектептер арасындағы өзара қатынасты реттеуші нормативтік-құқықтық базаны құрудың күрделілігі.

ШЖМ-ді дамыту өңірлік орталықтардың қызметі.

2011 жылы алынған талдау мәліметтерде МББДБ-ның 75-тармағына байланысты облыстық педагог кадрлардың біліктігін арттыру институты жанында құрылған ШЖМ-ді дамыту Өңірлік орталықтар барлық облыстарда жабылған, ол БАИ-тың «Өрлеу» АҚ-ы болып қайта құрылуына байланысты түсіндірме берілген. Қазіргі таңда ШЖМ-ді ғылыми-әдістемелікпен қамтамасыз ету мәселелерімен облыстарда түрлі ұйымдар айналысады және де осы мәселе жеке әдіскерлерге жүктелген.

ШЖМ-ді және ТМ (РО) дамытуда өңірлік орталықтардың негізгі проблемалары:

- ҚР БҒМ-мен бекітілген «ШЖМ дамыту өңірлік орталықтар туралы ереженің» болмауы;
- өңірлік орталықтың мәртебесінің анықталмағандығы;
- штаттық бірліктің аздығы;
- арнайы мамандардың жетіспеушілігі;
- ТМ(РО)-тың қызметін қаржыландыру механизмінің болмауы, әсіресе ТМ (РО)-та оқу сессияларын өткізуде тасымалдау, тамақтандыру және оқушыларды жатын орынмен қамтамасыз етуде.

3 Ұсыныстар:

Нормативтік-құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік ілестірілмелер:

1. Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептерінің қызметін реттеуде қорларды басқаруда автономия мен еркіндікті қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру;

2. «Тірек мектебі (ресурстық орталық) туралы» ережені бекіту;

3. «Шағын жинақты мектептердің өңірлік орталықтары туралы ережесін»; Шағын жинақты мектептің өңірлік орталығының мәртебесін айқындау;

4. Шағын жинақты мектептерді және тірек мектебі (ресурстық орталықтарды) қаржыландыру механизмін жетілдіру мақсатында мектептің қызметінің тиімділігін және педагогтардың ынтасын арттыру. Ол үшін шағын жинақты мектептер мен тірек мектебі (ресурстық орталықтардағы) педагог қызметкерлердің еңбек ақысын жетілдіруде келесі ұсыныстарды енгізу:

1) шағын жинақты мектеп пен тірек мектебі (ресурстық орталықтың) бастауыш сынып мұғалімдерінің еңбек ақы мөлшерін анықтауға өзгерістер енгізу. Ол үшін «Қазыналық қызметкерлер мекемелердің азаматтық қызметкерлер, ұйымдардың қызметкерлеріне мемлекеттік бюджет қаражатынан еңбек ақыларын төлеу туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу 29.12.2007ж. № 1400 [16]:

ШЖМ-тің бастауыш сынып мұғалімдерінің жалақысына біріктірілген сыныптарда сабақ беруін ескеріп:

- 2 сынып біріктірілген жағдайда – 1,5 мөлшерде еңбек ақы;

- 3 сынып біріктірілгенде – 2 мөлшерде еңбек ақы белгіленуі тиіс.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидалары туралы» 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығыда берілген 19-20 пунктарға қосымша түсініктеме енгізілу қажет:

- 19-тармағына – «Тірек мектебінің (ресурстық орталықтың) педагогтеріне еңбекақы төлеу аптасына 18 сағат есебінен белгіленеді, оның ішінде 6 сағат ғылыми-әдістемелік және эксперименттік жұмыстарға бөлінеді. **Педагогтың сессия уақытында өткізген сағаттарына қосымша жалақы төлеу жергілікті әкімшілік қаржысынан төленеді.**

- 20- тармағына- «Тірек мектебі (ресурстық орталық) директорының, орынбасарының, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушының лауазымдық жалақысы жалпы білім беретін мектептегідей білім алушылардың ең көп толықтығымен белгіленеді және **қосымша жалақы төлеу жергілікті әкімшілік қаржысынан төленеді.**

5. ШЖМ мұғалімдерін аттестаттау ережесін жетілдіру.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы» бұйрығының 31- тармағына қосымша енгізуді ұсынамыз [17]: ШЖМ-де сабақ беретін пән мұғалімдері аттестацияны дипломында көрсетілген мамандығы бойынша өтеді, сондай-ақ қосымша білім беру курсы өтілген жағдайда сетификатының және екінші пән бойынша 1-

жылдық қайта даярлау курсы өткені туралы куәлігінде ескеру қажет.

6. 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 Үкімет Қаулысында бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттар кестесіне» [18] қосымша шағын жинақты мектептерге мұғалім-тьютер, мұғалім-эдвайзер штаттық бірлігін қосуды, оны төменде көрсетілген 1-кестеде ұсынылады.

1-кесте – Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің типтік штаттары

Қызметтің атауы	Сыныптар санына (сынып-комплектке) байланысты штаттық бірліктің саны (мектепалды дайындықты қоса есептегенде)						
	6-ға дейін	6-10	11-13	14-16	17-20	21-29	30-дан жоғары
Мұғалім-тьютер	-	-	0,5	0,5	1	1	1
Мұғалім-эдвайзер	-	-	0,5	0,5	1	1	1

7. Жоғары және жоғары білім беруден кейінгі оқу орындарына мамандықтар классификаторына бірнеше пәндер бойынша мұғалімді дайындайтын қосымша мамандықты ескеру;

8. Шағын жинақты мектептерге арналған оқу жоспарының вариативтік және жеке оқу кешеніне білім беру бағдарламасын әзірлеу;

9. Қазіргі педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ескере отырып, қазақстандық білім беру болашағы мен үрдісін дамыту негізінде шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне білім беру процесін ұйымдастыруға арналған құралдар мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу;

10. Шағын жинақты мектеп педагогтарын дайындауға арналған қайта даярлау және біліктілігін арттыруға арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру:

1. Шағын жинақты мектептердің әр түрлі жастағы біріктірілген сыныптарына оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

2. Білім алушыларды әлеуметтендіру, алдын ала кәсіптік бағдар және бейіндік оқытуды жүзеге асыруда ұйымдастырушылық, кадрлық және ресурстарды қамтамасыз етуге шаралар қолдану;

3. Электрондық оқу құралдарын және оны қолдану туралы кеңес беру базасын әзірлеу;

4. Шағын жинақты мектептерді қолдау бойынша өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және ШЖМ дамытуды өңірдегі әкімдерінің индикаторына енгізу;

5. Бастауыш сынып әдістемелік бірлестіктерінің басшыларына оқыту семинарларын жүргізу, жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын күшейту, сондай-ақ үздік мұғалімдердің іс-тәжірибесін және өңірлік РО базасында ШЖМ оқушыларының жетістіктерін тарату;

6. Облыстық білім беру басқармасы интернет сайттарын құруды, онда әдістемелік материалдар және қорлар қызметін орындау мен желілік қауымдастықты қамтамасыз етеді;

7. Аз толымды сыныптарда оқыту нәтижесін бағалаудың түрін қайта қарастыру;

8. Қосымша білім беру жүйесін жақсарту, оған сәйкес жергілікті бюджеттен қосымша қаржы бөлу.

Кадрлармен қамтамасыз ету үшін:

1. ШЖМ-тер үшін шектес мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында көп салалы мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыру;

2. педагогикалық мамандықтары бар жоғарғы оқу орындарының элективтік пәндер және арнайы курстар мазмұнына ШЖМ-нің көкейтесті проблемаларын және білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерін, еңбек нарығының мамандарға қажеттілігін ескере отырып оқу жоспарына енгізу;

3. облыстық білім басқармасына және «Өрлеу» АҚ облыстық филиалында біріктірілген сыныптар да сабақ өткізу әдістемесі бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру. ШЖМ педагогтарын жаңа интерактивтік және инновациялық технологияларды қолдануға үйрету;

4. педагогикалық оқу орындарына ауылдағы ШЖМ-мен бірлесіп бағдарлама жасауға және оны жүзеге асыруын (шығу семинарларын, он-лайн режимінде конференция, шебер-сыныптар, дөңгелек үстелдерді өткізуді) ұсынады;

5. штаттық кестеге жаңа штаттық бірлік (тьютер, эдвайзер) енгізу, олардың еңбек ақысын төлеу мәселесін шешу;

6. ШЖМ-дің мұғалімдерін әлеуметтік қолдау үшін ынталандыру шараларын әзірлеу;

7. аудандық әдістемелік кабинеттерде штаттық бірліктерді көбейту мәселесін қарастыру;

8. шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімдерінің курстан өту кезінде ресурстық орталықтың мұғалімдерімен өзара алмасуын қамтамасыз ету.

Материалды-техникалық жағдайлар:

1. ШЖМ–ді қаржыландыру мақсатында материалдық-техникалық базаны күшейту, кабинеттерді жабдықтау, тамақтандыруды ұйымдастыру, жатын орнын мен оқушыларды тасмалдау үшін жергілікті бюджет қаражатының бөлінуін көбейту;

2. Оқушыларды мектепке тасымалдау проблемасын шешу;

3. ШЖМ –дің ресурсын басқаруға кеңірек еркіндік беру, ауыл мектебіне ресурстарды бөлгенде әділ және алаламай бөлуді ескеру, ресурстарды бөлуді жақсарту, ресурстарды бірлесіп қолдануды ынталандыру.

Төменде берілген нұсқалар бойынша мектептер желісін қайта қарастыру:

- ШЖМ-терді ашу, жабу немесе топтастыруда, шығындарды (қаражаттар,

кадрлар және стратегияларды), көлікпен қамтамасыз етуді, оқушыларды мектеп-интернатқа орналастыруды және білім беруде АКТ арқылы ұсынғанда өңірлік ерекшеліктерді ескеру қажет;

- бар ресурстарды бірлесіп қолданғанда (мұғалімдерді, спорттық объектілерді, компьютерлік зертханаларды және т.б.) мектептер кластерін қалыптастыру;

- бір білім беру ұйымының бірнеше көрші ШЖМ-тер «серіктестер» болып бір тұтас бақарушы команда ретінде қайта құру;

- ШЖМ-ді қолдау үшін ресурстық орталықтарды ұйымдастыру, ресурстық орталықтардың тұғырын күшейту, жоғары білікті мамандар құрамымен және ШЖМ-тің сапасын арттыруда оқу үрдісін жаңа технологиялар негізінде ұйымдастыру, олардың материалдық-техникалық базасын күшейтіп қазіргі ауыл мектебінің моделін құру және оқушылардың білім сапасын арттыру.

Ауыл мектептерінде білім беру сапасының мониторингі:

Талдау және ресурстарды қолдану арқылы білім сапасын бағалаудың нақты механизмін қаражаттандыруымен әзірлеу.

Мемлекеттік мектеп жанындағы интернаттар желісін күшейту және көбейту.

1. Интернаттық ұйымдар желісінің альтернативасы ретінде мектептен алыста тұратын өңірлердегі балалар үшін интернат желісін ұлғайту;

2. Өңірлердегі шағын жинақты мектептер мен ресурстық орталықтар және интернаттық ұйымдардың жағдайларын зерделеу үшін жыл сайын далалық зерттеулер жүргізу.

Әлеуметтік серіктестіктерді дамыту.

ШЖМ-ді әлеуметтік серіктестіктер мен институттарымен: отбасымен, басқа білім беру ұйымдарымен, денсаулық сақтау, мәдени орталықтармен, шаруашылық субъектілерімен, тәртіп сақтау ұйымдарымен, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен және т.б. жан-жақты дамыту.

Берілген ұсынымдар Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың кешенді іс-шараларына енгізілуі ұсынылады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің алдында тұрған басым міндеттерінің бірі жалпыға бірдей сапалы білім беру, ұлттық моделді дамыту болып табылады. Білім беру мазмұнын реформалау және жетілдіру процесі республиканың барлық білім беру жүйесін, басқаруын, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін және оның ішінде ШЖМ-ді де қамтиды.

Қазақстанда ШЖМ-дің ғылыми-негіздемесінің және мектептің балама моделінің болмауы себебінен білім беру процесін ұйымдастырудың өңірлік жүйесі қалыптасқан. Жеке мектептердің қызметінің нәтижесінің табысты болуына қарамастан, ШЖМ оқушыларының дайындығы, жалпы білім беретін мектептерден төмен екендігі, мемлекеттік аралық бақылау және бірыңғай ұлттық тестілеу нәтижелерінен байқалды.

ШЖМ-де оқушыларға кәсіби-бағытталған білім алу мүмкіндігі болмағандықтан, пәндерді тереңдетіп оқытуды ұйымдастыру қиындық туғызады. Осының нәтижесінде еліміз ауылдық жерге қажетті мамандарды дайындауды жоғалтады. ШЖМ-тің проблемаларын айқындау және оларды шешу Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті білім берудің ұлттық моделін дамытуды қалыптастыру міндетті шарты болып табылады.

Қазақстанда ШЖМ-ті дамытудың негізгі проблемаларына нормативтік-құқықтық базасының болмауы, ШЖМ-тер жағдайында оқытатын мамандардың жетіспеуі, ШЖМ-ді қаржыландыру механизмінің және мұғалімдердің еңбек ақысын төлеу құжаттарының жетілдірілмегендігі, материалдық-техникалық базаның нашарлығы, бір шама өңірлерде оқушыларды тасымалдау проблемасының шешілмегендігі жатады.

ТМ(РО), өзіне жақын орналасқан ШЖМ-ді біріктіріп, білім беру жүйесінің бір тұтастығын құрып, алыста орналасқан ауыл мектептерін қазіргі ақпараттық ресурстарға қол жеткізу және білім беру процесін ұйымдастырудың ең тиімді түрі ретінде өзін көрсетті. Соған қарамастан бұл жұмыстың біраз кемшіліктері: ТМ(РО) пен мектептердің қызметін үйлестірудің күрделілігі, мектеп бітірушілерді дайындауда нәтижеге жауаптыны мектеп арасында бөлісу, мұғалімдердің өзіндік жауапкершілік деңгейінің жоғары болмауы төмендігі, білім алушылардың бейіндік емес пәндерге қызығушылығының төмендігі айқындалды.

Қорытындылай келгенде, ШЖМ-дің нормативтік-құқықтық ілестірмелерінің мәселесін жетілдіруді, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, кадрмен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық жағдайларын, мектеп жүйесін қайта құру, білім сапасының мониторингін, мемлекеттік мектеп жанындағы интернаттар жүйесін нығайту, әлеуметтік серіктестікті дамытуды қамтиды және ШЖМ-тер жүйесін қайта қарастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02. 2011 г.), online.zakon.kz.

2 Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года №319 «Об образовании» (с изменениями и дополнениями на 04. 07. 2013), online.zakon.kz.

3 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Указ Президента от 7 декабря 2010 года №1118, online.zakon.kz.

4 «Стратегия Казахстан - 2050 – новый политический курс состоявшегося государства» Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Назарбаева Н.А. народу Казахстана. 14 декабря 2012, akorda.kz.

5 Анализ результатов внешней оценки учебных достижений учащихся 9 классов (БОУД-2015). Аналитический сборник. / Л. Забара, Д. Ташибаева, Г. Ногайбаева. - Астана: АО ИАЦ, 2015. - 64 с.

6 Понс А., Аморосо Д., Херчински Я., Хейфец И., Локхид М., Сантьяго П. Обзор политики по улучшению эффективности использования ресурсов в школах. Казахстан. World bank group, май 2015, - 236 с.

7 Анализ результатов единого национального тестирования (ЕНТ-2014). Аналитический сборник. / Г. Кусиденова, А. Алина. - Астана: НЦОСО, 2014. – 70 с.

8 Типовые правила деятельности общеобразовательных организаций (начального, основного среднего и общего среднего). Утверждены постановлением Правительства Республики Казахстан от 17 мая 2013 года № 499, online.zakon.kz.

9 Типовые правила деятельности организаций образования по условиям организации обучения (к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от «17» сентября 2013 года № 375), edu.gov.kz.

10 О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «Об образовании». Закон Республики Казахстан от 24. 10. 2011 N 487-IV ЗРК. edu.gov.kz.

11 Гарантированный государственный норматив сети организаций образования. Постановление Правительства Республики Казахстан от 21 декабря 2007 года № 1256. online.zakon.kz.

12 Предоставление бесплатного подвоза к общеобразовательным организациям и обратно домой детям, проживающим в отдаленных сельских пунктах. Стандарт государственной услуги. Утвержден постановлением Правительства Республики Казахстан от 19 февраля 2014 года № 115. egov.kz.

13 Государственная программа развития сельских территорий Республики Казахстан на 2004-2010 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 10 июля 2003 года N 1149. online.zakon.kz.

14 Программа «Ауыл мектебі» на 2003-2005 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 4 февраля 2003 года № 128. online.zakon.kz.

15 План мероприятий по реализации приоритетных направлений развития образования и науки на 2014-2016 годы. МОН РК, 2014 г. edu.gov.kz.

16 О системе оплаты труда гражданских служащих, работников организаций, содержащихся за счет средств государственного бюджета, работников казенных предприятий. Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2007 года № 1400. online.zakon.kz.

17 Об утверждении Правил аттестации педагогических работников. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 22 января 2010 года № 168 (Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 18 февраля 2010 года № 6061). edu.gov.kz.

18 Типовые штаты работников государственных организаций образования. Утверждены постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 января 2008 года № 77. edu.gov.kz.

Содержание

Введение.....	25
1 Анализ нормативно-правовой базы в малокомплектных школах.....	27
2 Особенности организации обучения в малокомплектных школах.....	30
3 Рекомендации.....	38
Заключение.....	42
Список литературы.....	43

Введение

